

**Медициналық қызметтерді көрсету сапасы, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін және тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 538 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 490 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 шілдеде № 11796 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 1064 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 831 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 29.12.2015 № 1064 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 29.12.2015 № 831 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, 13-бабының 3-тармағына, 15-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1 . М ы н а л а р :

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес медициналық қызметтерді көрсету сапасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес медициналық қызметтерді көрсету сапасы саласындағы тексеру парақтарының нысаны;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы тексеру парақтарының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті :

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялады;

4) Осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы (келісім бойынша)

1) ақпараттық жүйелерде тұрақты негізде медициналық қызметтерді көрсету саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерінің мониторингін;

2) ақпараттық жүйелерден қалыптастырылмайтын осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес медициналық қызметтерді көрсету саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері бойынша басқа мемлекеттік органдарға сұрау салу бойынша ақпаратты жинауды;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитетіне жыл сайын 30 сәуірге және 30 қарашаға қарай осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес медициналық қызметтерді көрсету саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері бойынша жиынтық деректерді беруді қамтамасыз етсін.

4. Мынадай бірлескен бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Медициналық қызметтерді көрсету, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы бойынша жеке кәсіпкерлік саласындағы тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 3 қыркүйектегі № 608 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 3 қазандағы № 283 (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8068 болып тіркелді, «Егемен Қазақстан» 2013.01.19., № 34-38 (27977) жарияланған);

2) «Медициналық қызметтерді көрсету, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы бойынша жеке

кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылғы 3 қыркүйектегі № 609 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 3 қазандағы № 282 (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8067 болып тіркелді, «Қазақстанская правда» от 19.01.2013 г. № 20-21 (27294-27295); «Егемен Қазақстан» 2013.01.19., № 34-38 (27977) жарияланған).

5. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

6. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі

\_\_\_\_\_ Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің м.а. әлеуметтік даму министрі

\_\_\_\_\_ М. Құсайынов

«К Е Л І С І Л Д І»

Қазақстан Республикасы

Бас прокуратурасының

Құқықтық статистика және

арнайы есепке алу жөніндегі

комитетінің төрағасы

\_\_\_\_\_ С. Айтпаева

2015 жылғы 30 маусым

Қазақстан Республикасы	Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің	2015 жылғы 29 маусымдағы	№ 539
және Қазақстан Республикасы	Ұлттық экономика министрінің	2015 жылғы 30 маусымдағы	№ 490

бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

## **Медициналық қызметтерді көрсету сапасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Медициналық қызметтерді көрсету саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері (бұдан әрі – Критерийлер) «Халық денсаулығы және

денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына және «Мемлекеттік органдардың (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін қоспағанда) тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 343 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11082 болып тіркелген) Мемлекеттік органдардың тәуекелді бағалау жүйесін қалыптастыру әдістемесіне сәйкес әзірленді.

2. Осы Критерийлерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бағалау кезеңі – есепті деректердің, есептілік мониторингі және автоматтандырылған ақпараттық жүйелер мен ақпараттың басқа да көздерінің мәліметтері нәтижелерінің негізінде объективті және субъективті критерийлер бойынша тәуекелдерді бағалау жүргізілетін белгілі бір уақыт кезеңі. Медициналық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін Критерийлерде пайдаланылатын бағалау кезеңі - жартыжылда 1 рет;

2) медициналық қызметтерді көрсету саласындағы тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

3) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті критерийлері (бұдан әрі – объективті критерийлер) – қызметін жүзеге асыру кезінде жеке тексерілетін субъектіге (объектіге) тікелей бағынысты емес, медициналық қызметтерді көрсету саласындағы әлеуетті тәуекелі бар субъектілерді іріктеу үшін пайдаланылатын критерийлер;

4) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті критерийлері (бұдан әрі – субъективті критерийлер) – нақты тексерілетін субъектінің (объектінің) қызметінің нәтижелеріне байланысты тексерілетін субъектілерді (объектілерді) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау критерийлері;

5) тексерілетін субъектілер – қызметіне бақылау және қадағалау жүзеге асырылатын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, оның ішінде мемлекеттік органдар, заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері.

## **2. Объективті критерийлер**

3. Тексерілетін субъектілерді тәуекел дәрежесіне жатқызу мынадай объективті критерийлер ескеріле отырып жүзеге асырылады:

1) тексерілетін субъектінің жүзеге асырып отырған қызметіне байланысты қауіп деңгейі;

2) медициналық қызметті жүзеге асыру процесінде жағымсыз ықтимал зиян салдары ауырлығының ауқымы;

3) адамның денсаулығына қолайсыз әсер ету ықтималы, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделері.

4. Жоғары тәуекел дәрежесіне стационарлық, стационарды алмастыратын, жедел медициналық көмекті, оның ішінде санитариялық авиация нысанындағы, амбулаториялық-емханалық (алғашқы медициналық-санитариялық көмек, консультациялық-диагностикалық), стоматологиялық, наркологиялық, психиатриялық, фтизиатриялық, онкологиялық, кардиохирургиялық көмекті көрсететін, қан қызметі ұйымдары, АИТВ жұқтырған және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға көмекті көрсететін, зертханалық қызметтерді көрсететін меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан бүкіл тексерілетін субъектілер жатады.

5. Қалпына келтіру емін, медициналық оңалтуды, санаторийлік-курорттық емді жүзеге асыратын, дәрігерге дейінгі көмекті, паллиативтік көмекті және мейіргерлік күтімді көрсететін, инвазивті әдістерді қолданумен және дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы пайдаланумен косметологиялық көмекті көрсететін тексерілетін субъектілер жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайды.

### **3. Субъективті критерийлер**

6. Іріктеп тексеру жүргізу үшін жоғары тәуекел дәрежесіне жататын тексерілетін субъектілерді (объектілерді) бөлу және іріктеу субъективті критерийлер арқылы жүзеге асырады.

7. Тәуекел дәрежесінің субъективті критерийлерін анықтау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) тексерілетін субъектілер ұсынатын, соның ішінде мемлекеттік органдар, мекемелер мен салалық ұйымдар жүргізетін автоматтандырылған ақпараттық жүйелер арқылы берілетін есептілік пен мәліметтердің мониторингінің нәтижелері;

2) алдыңғы тексерулердің нәтижелері және бақылаудың басқа нысандарының нәтижелері;

3) мемлекеттік органдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының ресми интернет-ресурстарын талдау;

4) уәкілетті органдар мен сұрату бойынша ұйымдарға ұсынылатын мәліметтерді талдау, есептік деректердің нәтижелері.

8. Тексерілетін субъектілерді субъективті критерийлер бойынша бағалау үшін мынадай автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің деректері пайдаланылады:

стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі, медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі, жан басына шаққандағы нормативтің қосымша компоненті, онкологиялық аурумен ауыратын науқастардың электрондық тіркелімі, медициналық техниканы есепке алу жүйесі, емхананың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі, диспансерлік науқастардың тіркелімі, туберкулез ауруымен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі.

9. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде субъективті критерийлер үш топқа бөлінеді: өрескел, орташа, болмашы. Бұзылу мәнінің дәрежелері ақпарат көздері бойынша бөлінген субъективті критерийлер осы Критерийлерге қосымшада келтірілген.

10. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу кезінде бүкіл көздерден тұратын тиісті критерийлер бойынша тексерілетін субъектілерді бағалау жүргізіледі: алдыңғы тексерулердің нәтижелері, ақпараттық жүйелердің, есептік нысандардың деректері, мемлекеттік органдардың интернет-ресурстары бойынша.

11. Тәуекелдің өрескел дәрежесінің біреуі немесе бірнеше орындалмаған талаптары 100 көрсеткішке теңестіріледі және орташа және болмашы талаптар бойынша іріктелген тексеруге тексерілетін субъектіні (объектіні) одан әрі бағалау жүргізілмейді.

12. Егер өрескел критерийлер бойынша сәйкессіздік анықталмаса, онда тәуекел дәрежесін анықтау үшін орташа және болмашы критерийлер бойынша қосылған мәні есептеледі.

Орындалмаған критерийлердің үлес салмағына орташа критерийлердің қосылған мәнін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады және  $\Sigma P_3 = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,7$  формуласы бойынша есептеледі, мұнда:

$\Sigma P_3$  – орташа критерийлердің көрсеткіші;

$\Sigma P_1$  – тексерілетін субъектіні (объектіні) тексеруге берілген орташа критерийдің жалпы саны;

$\Sigma P_2$  – бұзылған орташа критерий саны.

13. Болмашы критерийлердің көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады және осы көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$\Sigma P_H = (\Sigma P_2 \times 100 / \Sigma P_1) \times 0,3$

г д е :  
 $\Sigma P_H$  – болмашы критерий көрсеткіші;

$\Sigma P_1$  – тексерілетін субъектіні (объектіні) тексеруге берілген болмашы критерийдің жалпы саны;

$\Sigma P_2$  - бұзылған болмашы критерийлердің саны.

14. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші (УР) 0-ден бастап 100-ге дейінгі шкала бойынша есептеледі және мынадай формула бойынша барлық ақпараттық көздер бойынша көрсеткіштерді қосу жолымен айқындалады:

$$\Sigma P = \Sigma P_3 + \Sigma P_n$$

м ұ н д а :

$\Sigma P$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$\Sigma P_3$  – орташа критерийдің бұзылуының көрсеткіші.

15. Тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші бойынша тексерілетін субъект (объект) :

1) жоғары тәуекел дәрежесіне – 60-тан бастап 100-ге дейінгі дәреже көрсеткіші кезінде және оған қатысты таңдап тексеру жүргізіледі;

2) жоғары тәуекел дәрежесіне жатпайды – 1-ден бастап 60-ға дейінгі дәреже көрсеткіші кезінде және оған қатысты таңдап тексеру жүргізілмейді.

16. Талдау және бағалау кезінде нақты тексерілетін субъектіге (объектіге) қатысты бұрын есепке алынған және пайдаланылған субъективтік критерийлерінің деректері қолданылмайды.

17. Бағалау нәтижелерінің негізінде іріктеп тексеру жүргізу үшін субъектілердің (объектілердің) тізімі қалыптастырылады.

18. Іріктеп тексеру жүргізу субъектілерінің (объектілерінің) тізімі:

1) тәуекел дәрежесінің ең көп көрсеткіші бар тексерілетін субъектілердің б а с ы м д ы л ы ғ ы ;

2) тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органның лауазымдық тұлғаларға жүктеме есепке алына отырып жасалады.

19. Іріктеп тексеру жүргізу үшін одан кейінгі тізімдер ағымдағы кесте бойынша іріктеп тексерумен толық қамтылғаннан кейін жасалады.

Медициналық қызметтерді көрсету сапасы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлеріне қосымша

### **Медициналық қызметтерді көрсету сапасы саласындағы субъективті критерийлер**

р/с №	Индикаторлардың атауы	Бұзушылық дәрежесі
1.	Алдыңғы тексерулердің нәтижелері бойынша (ауырлық дәрежесі төменде санамаланған талаптар сақталмаған белгіленеді)	
1. 1.	Барлық тексерілетін субъектілер (объектілер) үшін жалпы критерийлер	

1	Көрсетілетін қызмет түрлеріне лицензиялардың, лицензияға қосымшалардың, мамандар сертификаттарының және екінші санаттағы рұқсаттардың болуы	өрескел
2	ЖММК көрсететін медициналық ұйымдарға қойылатын талаптарға сәйкестігі (жүргізілген әрбір ЖММК түрлеріне)	өрескел
3	Жүргізілген емдеу, диагностикалық іс-шаралардың денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес келуі	орташа
4.	Бекітілген тізбеге сәйкес тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қамтамасыз ету	орташа
5	Медициналық қызметтер көрсету сапасына ішкі және сыртқы сараптамаларды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларына сәйкес ішкі сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу	орташа
1.2 Стационарлық, стационарды алмастыратын, бейінді стационарларды көрсететін медициналық ұйымдар критерийлер		
1	Стационарға емдеуге жатқызу үшін көрсетілімдердің сақталуы	орташа
2	Шұғыл көмек көрсетуге талаптардың стационардың қабылдау бөлімшесінде сақталуы	орташа
3	Медициналық көмек алу кезінде пациент немесе оның заңды өкілі ұсынылған және бара-бар емдеу әдістерінің қауіпі мен артықшылықтары туралы деректерді, емдеуден бас тартудың ықтимал салдары туралы мәліметтерді, диагноз туралы ақпаратты, пациент үшін қолжетімді нысанда диагноз, емдеу іс-шараларының болжамы мен жоспары туралы ақпаратты, сондай-ақ үйге шығару немесе басқа медициналық ұйымға ауыстыру себептерін түсіндіруді қоса алғанда, өз денсаулығының жай-күйі туралы толық ақпарат алуға құқығының сақталуы	орташа
4	Медициналық көмекке пациенттің не оның заңды өкілінің жазбаша ерікті келісімінің болуы туралы талаптардың сақталуы	орташа
5	Клиникалық диагноздың пациент стационарға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік үш тәуліктен кешіктірілмей белгіленуі	орташа
6	Стационарларда айналасындағыларға қауіп төндіретін (инфекциялық, жұқпалы тері, психикалық аурулары бар) пациенттерді бөлек орналастыру үшін палаталар немесе бокстардың болуы жөнінде талаптардың сақталуы	орташа
7	Кезекші медицина қызметкері тексеруді жүзеге асыратын демалыс және мейрам күндерінен басқа, емдеуші дәрігердің күн сайынғы қарап-тексеруді жүргізуі	орташа
8	Медициналық көмек көрсетудің кез келген деңгейінде диагнозды сәйкестендіру қиындаған, жүргізілген ем тиімсіз болған жағдайда, сондай-ақ өзге айғақтар болған жағдайда пациентті қосымша тексеру жүргізе отырып, консультация немесе консилиум ұйымдастыру	орташа
9	Стационардан шығару өлшемдерінің сақталуы	орташа
10	Жоспарлы емдеуге жатқызу кезінде БМСК ұйымында жүргізілген негізделген көрсетілімдер бойынша зерттеулерді жүргізу	орташа
11	Стационарға келіп түскен кезде медициналық ұйымның ішкі тәртібінің қағидалары туралы, медициналық қызметтер көрсететін медицина қызметкерлерінің кәсіптік мәртебесі туралы мәліметтердің ұсынылуы	орташа
12	Ақылы медициналық қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттарының сақталуы	орташа
13	Қан препараттарын мен оның компоненттерін арнайы тоңазытқыш жабдықта сақтау шарттарының сақталуы	орташа
14	Қан құюды жүргізудің алдында пациенттің немесе он алты жасқа толмаған пациенттер үшін пациенттің немесе ата-аналарының, қамқоршыларының немесе қорғаншыларының, жақын туыстарының, ал психикалық ауруы бар пациенттер үшін ақпараттандырылған ерікті келісімінің болуы жөніндегі талаптарының сақталуы	орташа
15	Зертханалық көрсетілімдермен және клиникалық деректермен расталған қан өнімдерін қолдану үшін негіздемелерге сәйкес келуі	орташа



16	Халықтың декреттелген тобын (балалар, босандыру мекемелерінің реципиенттері, иммунодепрессиясы бар және трансфузияға тәуелді тұлғалар) қан компоненттерімен қамтамасыз етілуінің сәйкес келуі	орташа
17	Клиникалық көрсетілімдер бойынша адамдарды АИТВ-инфекциясының болуына міндетті құпия медициналық тексеру өткізу тәртібінің сақталуы	орташа
18	ЖММК/бірегей технологияларды көрсетуге арналған материалдық-техникалық базаның бекітілген талаптарға сәйкес келуі	орташа
19	ЖММК көрсететін медициналық ұйымдарға бекітілген талаптарға ЖММК/бірегей технологияларды көрсетуге арналған штат мамандарының даярлығының сәйкес келуі	орташа
20	Бүйрек трансплантациясы бойынша операция жағдайларының сақталуы	орташа
21	Донор/реципиентті зерттеп-қараудың белгіленген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
22	Бүйректі транспланттау кезінде емдеу-диагностикалық іс-шаралардың бекітілген Реципиентті емдеу алгоритміне сәйкес келуі	орташа
23	Диализдік пациентке жадынамамен таныстыру, емдеумен байланысты диализ түрлері, асқынулар мен қауіптер туралы пациенттің хабардарлығы жөніндегі талаптардың сақталуы	орташа
24	АБТ іріктеу және бастау критерийлеріне сәйкес келуі	орташа
25	Бүйрек сыртындағы қанды тазалауды шұғыл жүргізу көрсетілімдерінің сақталуы	орташа
26	Диализ залдарының жарактандырылуының бекітілген жарактандыру стандарттарына сәйкес келуі	орташа
27	Гемодиализ емшарасын жүргізу алгоритмінің белгіленген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
28	Бағалау кезеңіне гемодиализ сеансының орташа ұзақтығының бекітілген стандартқа сәйкес келуі	орташа
29	Гемодиализ емшараларының адекватты критерийлерге жүргізілетін емнің адекватты сәйкес келуі	орташа
30	Бекітілген стандарттарға сәйкес қан тамырлары қолжетімділігін қалыптастыру және жұмыс істеуін қамтамасыз ету	орташа
31	Зертханалық зерттеулердің сапасын қамтамасыз ету	орташа
32	Еңбекке уақытша жарамсыздық парағын, анаға (әкесіне немесе балаға күтім жасайтын өзге де адамға) қосымша күтуді жүзеге асыру үшін жататын орын ұсыну бойынша талаптардың сақталуы	орташа
33	Өмірінің 1 жасына дейін баланың емшек сүтімен қоректендіретін анасын тегін тамақпен қамтамасыз ету	орташа
34	Жіті инфекцияларға, онкологиялық ауруларға, балалар жас шамасындағы патологияға, медициналық манипуляциялармен байланысты өлім жағдайларына күдік туындаған кезде өлім жағдайлары кезінде патологиялық-анатомиялық ашып қарауды жүргізу	орташа
35	Бөлімшенің медициналық техникамен және жабдықтармен жарактандырылуының бекітілген ең аз тізбеге сәйкес келуі	орташа
36	Бекітілген стандарттарға сәйкес анестезиология мен қарқынды терапия кезінде науқастың функциялық жағдайының мониторингі және операциялық-анестезиялық қауіпті бағалауды жүргізу	орташа
<b>1.3. Босандыру ұйымдары үшін критерийлер</b>		
1	Жүкті, босанатын және босанған әйелдерді емдеуге жатқызу тәртібінің бекітілген ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша медициналық ұйымдарда стационарлық көмек көрсету қағидаларына сәйкес келуі	өрескел

2	Қабылдау бөлмесінің/қабылдау-диагностикалық бөлімшесінің жарактандырылуы мен ұйымдастыру тәртібінің белгіленген ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша медициналық ұйымдарда стационарлық көмек көрсету қағидаларына сәйкес келуі	орташа
3	Жеке босандыру палатасын (бөлімшесін) ұйымдастыру тәртібінің белгіленген ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша медициналық ұйымдарда стационарлық көмек көрсету қағидаларына сәйкес келуі	орташа
4	Ана мен бала бірге болатын палатаны (бөлімшені) ұйымдастыру тәртібінің белгіленген ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша медициналық ұйымдарда стационарлық көмек көрсету қағидаларына сәйкес келуі	орташа
5	Жаңа туған нәрестелердің балалар бөлімшесін (палатасын) және қарқынды терапиясы палатасын ұйымдастыру тәртібінің белгіленген ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша медициналық ұйымдарда стационарлық көмек көрсету қағидаларына сәйкес келуі	орташа
6	Босандыруға дейінгі бөлімше жұмысын ұйымдастыру тәртібінің белгіленген ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша медициналық ұйымдарда стационарлық көмек көрсету қағидаларына сәйкес келуі	орташа
7	Ақылы медициналық қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттарының сақталуы	орташа
8	Қан препараттарын мен оның компоненттерін арнайы тоңазытқыш жабдықта сақтау шарттарының сақталуы	орташа
9	Қан құюды жүргізудің алдында пациенттің немесе он алты жасқа толмаған пациенттер үшін пациенттің немесе ата-аналарының, қамқоршыларының немесе қорғаншыларының, жақын туыстарының, ал психикалық ауруы бар пациенттер үшін ақпараттандырылған ерікті келісімінің болуы жөніндегі талаптарының сақталуы	орташа
10	Зертханалық көрсетілімдермен және клиникалық деректермен расталған қан өнімдерін қолдану үшін негіздеменің сақталуы	орташа
11	Халықтың декреттелген тобын (балалар, босандыру мекемелерінің реципиенттері, иммунодепрессиясы бар және трансфузияға тәуелді тұлғалар) қан компоненттерімен қамтамасыз етілуінің сақталуы	орташа
12	Медициналық техниканың тиімді (тұрып қалған және бұзылған жабдықтардың болуы) пайдаланылуы)	орташа
13	Белгіленген стандарттарға сәйкес жүкті әйелдерге консультациялық-диагностикалық көмекті көрсету	орташа

1.4. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек, консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін медицин ұйымдар үшін критерийлер

1	Белгіленген стандарттарға сәйкес бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету тәртібін сақтау	орташа
2	Демалыс және мерекелік күндері МСАК және ҚДК кезекші дәрігерлерінің жұмысын қамтамасыз ету арқылы барлық мамандарының және құрылымдық бөлімшелерінің жұмыс режимін, жылжымалы кестені сақтауы.	орташа
3	Белгіленген стандарттарға сәйкес дәрігердің немесе орта медицина қызметкерінің үйге шақыртуға қызмет көрсетуі үшін көрсетілімдердің сақталуы	орташа
4	Белгіленген амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережемен бекітілген МСАК-тың медициналық қызметтердің ең аз көлеміне сәйкес келуі	орташа
5	МСАК ұйымының медицина қызметкерінің пациенттің үйіне, оның ішінде аула аралау (пәтер аралау) арқылы белсенді бару тәртібінің сақталуы	орташа
6	Халықтың нысаналы топтарын скринингтік қарап-тексеру жүргізу тәртібі мен кезеңділігін сақтау	орташа

7	Әйелдерге акушериялық-гинекологиялық бөлімшелерде (кабинеттерде) акушерлік-гинекологиялық көмектің ұйымдастырылуының белгіленген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
8	Белгіленген стандарттарға сәйкес туберкулезге жыл сайынғы міндетті флюорографиялық зерттеп-қарауға жататын «қауіпті» топ адамдарын флюорографиялық зерттеп-қарау	орташа
9	Туберкулез бойынша профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес туберкулезбен ауыратын науқастардың амбулаториялық емделуін ұйымдастыру	орташа
10	Белгіленген стандарттарға сәйкес туберкулезбен ауыру бойынша «қауіп» тобын қалыптастыру	орташа
11	Туберкулез ауруының химиопрофилактикасы белгіленген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
12	Ақылы медициналық қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттарының сақталуы	орташа
13	Жүргізілген диспансерлік іс-шаралардың бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
14	Созылмалы бүйрек жетіспеушілігінің даму қаупі топтарынан пациенттерді зерттеп-қарау көлемінің бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
15	Онкологиялық кабинет жұмысының ұйымдастырылуының бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
16	Стационарды алмастыратын көмек көрсету тәртібінің бекітілген талаптарға сәйкес келуі	орташа
17	Диспансерлік топтың дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілуінің белгіленген талаптарға сәйкес келуі	орташа
18	АИТВ инфекциясының болуына міндетті құпия медициналық зерттеліп-қаралу талаптарын сақтау	орташа
19	Дені сау бала кабинетінің ұйымдастыруға және жұмыс істеуге қойылатын талаптардың сақталуы	орташа
20	Жүкті әйелдерге босанғанға дейін патронаж өткізудің бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
21	Бекітілген стандарттарға сәйкес аналар мен 5 жасқа дейінгі балаларға патронаж өткізу	орташа
22	Белгіленген стандарттарға сәйкес жүргізіліп жатқан бала жасындағы ауруларды ықпалдастыра қараудың сәйкес келуі	орташа
23	Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізудің белгіленген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
24	Белгіленген стандарттарға сәйкес стационарлық көмекті көрсететін ұйымдар ұсынған тізімге сәйкес донор қаны мен оның компоненттерінің трансфузиясын алған адамдарды есепке алуды қамтамасыз ету	орташа
25	Белгіленген стандарттарға сәйкес кардиологиялық кабинетте жүрек-қан тамыры ауруымен ауыратын науқастарды диспансерлік есепке алуды және динамикалық бақылауды қамтамасыз ету	орташа
26	Жарақтандырудың ең төмен тізбесіне сәйкес бейінді мамандар кабинеттерінің жарақтандырылуы	орташа
27	Стационарды алмастыратын емдеуге жататын аурулардың бекітіліген тізбесіне күндізгі стационарға емдеуге жатқызу негізділігінің сәйкес келуі	орташа
28	Бекітілген стандарттарға сәйкес ҚЖА анықтау және алдын алу мақсатында халықты профилактикалық медициналық қарап-тексеруді ұйымдастырылу және жүргізу	орташа

#### 1.5. Фтизиатриялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар үшін критерийлер

--	--	--

1	Туберкулезге қарсы стационарларда науқастарды қақырық жағындысының микроскопиясы, ДСТ нәтижелері мен тағайындалған ем режиміне (бұдан әрі - эпидемиологиялық мәртебесіне) сәйкес бөліп жатқызуды қамтамасыз ету	орташа
2	Туберкулезбен ауруынан жазылған адамдарды жұмыс істеуге және оқуға рұқсаттың бекітілген талаптарға сәйкес келуі	орташа
3	Белгіленген стандарттарға сәйкес туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарға міндетті түрде емдеуге жатқызуды, емдеуді және оңалтуды жүргізу.	орташа
4	Науқастарды емдеу санаты мен типтері бойынша тіркеудің белгіленген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
5	Туберкулезді емдеуге қойылатын талаптардың сақталуы	орташа
6	Туберкулез бойынша профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес туберкулезбен ауыратын науқастардың амбулаториялық емделуін ұйымдастыру	орташа
7	Туберкулез бойынша профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес туберкулезбен ауыратын науқастарды диспансерлік есепке алуды ұйымдастыру және жүргізу	орташа
8	Белгіленген стандарттарға сәйкес IV санаттағы науқастарды емдеу	орташа
9	Белгіленген стандарттарға сәйкес туберкулездің зертханалық диагностикасын ұйымдастыру	орташа
10	Туберкулезге қарсы препараттардың жанама әсерлерін жоюдың жалпы қағидаларын сақтау	орташа
11	АИТВ инфекциясының болуына міндетті құпия медициналық зерттеліп-қаралуының сақталуы	орташа

#### 1.6. Онкологиялық көмекті көрсететін медициналық ұйымдар үшін критерийлер

1	Жүргізілген емдеу, диагностикалық іс-шаралардың денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес келуі	орташа
2	Кабинеттердің және құрылымдық бөлімшелердің жарактандырылуы материалдық-техникалық жарактандырудың бекітілген тізбесіне сәйкес келуі	орташа
3	Ақылы медициналық қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттарының сақталуы	орташа
4	Ауырсынуға қарсы терапия кабинетінде симптоматикалық терапия тиімділігін тұрақты бақылаумен онкологиялық аурулар кезінде созылмалы ауырсыну синдромы бар науқастарға жүргізілетін консультациялық және емдік көмектің (амбулаториялық жағдайда және үйде) белгіленген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
5	Онкологиялық науқастарды жүйелі диспансерлік бақылауды жүргізуді ұйымдастыру және өткізу	орташа
6	Қан препараттарын мен оның компоненттерін арнайы тоңазытқыш жабдықта сақтау шарттарының сақталуы	орташа
7	Қан құюды жүргізудің алдында пациенттің немесе он алты жасқа толмаған пациенттер үшін пациенттің немесе ата-аналарының, қамқоршыларының немесе қорғаншыларының, жақын туыстарының, ал психикалық ауруы бар пациенттер үшін ақпараттандырылған ерікті келісімінің болуы жөніндегі талаптарының сақталуы	орташа
8	Онкологиялық патологиясы бар науқастарды амбулаториялық химиотерапия кабинетінде амбулаториялық деңгейде химия-гормонды терапия жүргізу кезінде белгіленген стандарттарды сақтау	орташа
9	Белгіленген стандарттарға сәйкес қалпына келтіру емі бөлімшесінің (кабинетінің) жұмысын ұйымдастыру	орташа

10	Белгіленген стандарттарға сәйкес цитостатикалық дәрілік заттарды орталықтандырып араластыру кабинетінің жұмысын ұйымдастыру	орташа
11	Белгіленген стандарттарға сәйкес мультипәндік топтың жұмысын ұйымдастыру	орташа
12	Онкологиялық ұйымдарда қатерлі ісіктерді диагностикалау бойынша иммуногистохимиялық зерттеулер жүргізуді ұйымдастырудың бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
13	Бекітілген стандартқа сәйкес сәулелі терапия бөлімшесі жұмысын ұйымдастырылуы	орташа
14	Тәулік бойғы медициналық бақылауды талап етпейтін онкологиялық аурумен ауыратын науқастарға профилактикалық, диагностикалық, емдік және оңалту іс-шараларын жүргізу үшін күндізгі стационар қызметінің белгіленген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
15	Белгіленген стандарттарға сәйкес ісікалды және қатерлі ісіктерді ерте анықтауға бағытталған халық нысаналы тобына скринингілік тексеріп-қарауларды ұйымдастыру	орташа
16	Белгіленген стандарттарға сәйкес онкологиялық науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру	орташа
17	Онкологиялық ұйымдардың радиотерапиялық жабдықтарына сервистік қызмет көрсету және техникалық жағдайын бақылаудың белгіленген стандартқа сәйкес келуі	орташа
18	АИТВ инфекциясының болуына міндетті құпия медициналық зерттеліп-қаралуының сақталуы	орташа

1.7. Жедел медициналық көмек, санитариялық авиация нысанында медициналық көмек көрсететін медицина ұйымдар үшін критерийлер

1	Жедел медициналық көмек мамандарының кәсіптік білім деңгейіне қойылатын талаптардың сақталуы	өрескел
2	Жедел медициналық көмек және санитариялық авиация бригадаларын жасақтау үшін қажетті дәрілік заттардың ең төмен тізбесіне сәйкес келуі	орташа
3	Жедел медициналық көмек және санитариялық авиация ұйымдарын жарактандыруға арналған медициналық мақсаттағы бұйымдардың, медициналық жинақтардың, реагенттердің және дезинфекциялық құралдардың ең төмен тізбесіне сәйкес келуі	орташа
4	ЖМК бригадалары үшін 15 минутта көлікпен жетуді қамтамасыз ету үшін ЖМК кіші станцияларын орналасуы және қызмет көрсету аймағына қойылатын талаптарға сәйкес келуі	орташа
5	Жедел медициналық көмек көрсету шарттары және тәртібінің сақталуы	орташа
6	Шақыруды алған сәттен бастап ЖМК бригадасына қызмет көрсету үшін бергенге дейін ЖМК бригадасының шығу регламентін сақтау	орташа
7	Шақыртудың жедел болуына қарай станциядан шақыртуға қызмет көрсетуге тапсырма алған кезден бастап пациенттің тұрған жеріне дейін ЖМК бригадасының жету уақытын сақтауы	орташа
8	Фельдшерлік бригадалар үшін жедел медициналық көмек автомобилін жарактандырудың ең төмен тізбесіне сәйкес келуі	орташа
9	Желілік (мамандандырылған) бригадаларға арналған жедел медициналық көмек автомобилін жарактандырудың ең төмен тізбесі	орташа
10	Реанимациялық (кардиореанимациялық) бригадаларға және қарқынды терапия (реанимобиль) бригадаларына арналған жедел медициналық көмек автомобилін жарактандырудың ең төмен тізбесіне сәйкес келуі	орташа

11	Санитариялық авиация ұтқыр бригадасының әуе көлігін (ұшақ, тікұшақ) жаратандыру тізбесіне сәйкес келуі	орташа
12	Санитариялық авиация нысанында жедел медициналық көмек көрсету шарттары мен тәртібін сақтау	орташа
1.8. Наркологиялық көмекті көрсететін медициналық ұйымдар үшін критерийлер		
1	Бөлімшелердің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуінің бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
2	Наркологиялық көмек алатын халықтың нысаналы топтарын қалыптастыру кезінде бекітілген стандарттардың сақталуы	орташа
3	Бастапқы наркологиялық көмекті ұйымдастыру стандартын индикаторларына сәйкес келуі	орташа
4	ПБЗ тәуелді тұлғаларды амбулаториялық емдеу және оңалту кезеңін ұйымдастыру стандартын іске асыру кезінде қол жеткізілетін индикаторлардың (нәтижелердің) сәйкес келуі	орташа
5	ПБЗ тәуелді тұлғаларды стационарлық емдеу және оңалту кезеңдерін ұйымдастыру стандартының индикаторлардың (нәтижелердің) сәйкес келуі	орташа
6	ПБЗ тәуелді тұлғалардың рецидивке қарсы және қолдау терапиясы кезеңін ұйымдастыру стандартын іске асыру кезінде қолжеткізілетін индикаторлардың (нәтижелердің) сәйкес келуі	орташа
7	Ақылы медициналық қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттарының сақталуы	орташа
8	АИТВ инфекциясының болуына міндетті құпия медициналық зерттеліп-қаралуының сақталуы	орташа
1.9. Стоматологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар үшін критерийлер		
1	Бейінді мамандар кабинеттерінің жаратандырылуының жаратандырудың бекітілген ең төмен тізбесіне сәйкес келуі	орташа
2	Ақылы медициналық қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттарының сақталуы	орташа
3	Стоматологиялық емхананың құрылымының бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
4	АИТВ инфекциясының болуына міндетті құпия медициналық зерттеліп-қаралуының сақталуы	орташа
1.10. Психиатриялық көмек көрсететін медициналық ұйымдар үшін критерийлер		
1	Амбулаториялық-емханалық құрылымның белгіленген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
2	Кодексте көзделген жағдайлардан басқа оның жазбаша келісімімен адамның ерікті жүгінуін құжатпен растау туралы талаптардың сақталуы	орташа
3	Психикалық бұзылуларының (ауруларының) сипаттамасы туралы, емдеу мақсаты мен әдістерінің, ұсынылған емнің ұзақтығының, жанама әсерлері және күтілетін нәтижелері туралы ұсынылған ақпарат жөніндегі талаптарға сәйкес келуі.	орташа
4	Психиатриялық стационарға емдеуге жатқызу тәртібінің бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
5	Психикасының бұзылуынан (ауруынан) зардап шегуші науқастарды динамикалық байқаудың бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
6	Адамдарды психоневрологиялық ұйымдарға орналастыру үшін негіздердің бекітілген стандартқа сәйкес келуі	орташа
7	АИТВ инфекциясының болуына міндетті құпия медициналық зерттеліп-қаралуының сақталуы	орташа

8	Стационарды алмастыратын бөлімше құрылымының белгіленген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
9	Клиникалық бөлімшелерде байқауды ұйымдастыру тәртібінің сақталуы	орташа
1.11. Зертханалық қызметтерді көрсететін медициналық ұйымдар үшін критерийлер		
1	Ақылы медициналық қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттарының сақталуы	орташа
2	Белгіленген стандарттарға сәйкес зертханалық зерттеулер сапасын қамтамасыз ету	орташа
3	Зерттеулердің көлемі мен түрлерінің белгіленген стандарттарға сәйкес сақталуы	орташа
4	Белгіленген стандарттарға сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде халыққа зертханалық зерттеулердің қолжетімділігін қамтамасыз ету	орташа
1.12. АИТВ жұқтырған және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға көмек көрсету және АИТВ-инфекциясы профилактикасы бойынша іс-шараларды жүзеге асыратын ұйымдар үшін критерийлер		
1	Тегін негізде құпия медициналық зерттеп-қараудың қолжетімділігі мен сапасына, динамикалық байқауды қамтамасыз етуге, психологиялық-әлеуметтік, заңдық және медициналық консультациялар беруді қамтамасыз ету	орташа
2	Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде медициналық көмекпен және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету	орташа
3	Бастапқы позитивті адамдарды АИТВ-ға толық зерттеп-қарау мерзімдерінің сақталуы	орташа
4	АИТВ-жұқтырған, ЖИТС-пен ауыратын аналардан туған балалардағы АИТВ-инфекциясын зертханалық диагностикалау алгоритмінің сақталуы	орташа
5	Азаматтарға АИТВ-ға антиденені тексерудің теріс нәтижелерін растайтын анықтамалар-сертификаттарды беру тәртібінің сақталуы	орташа
1.13. Гемодиализ көмегін көрсететін орталықтар үшін критерийлер		
1	Алмастырушы бүйрек терапиясына іріктеу және оны бастау критерийлеріне сәйкес келуі	орташа
2	ЖБЖ бар пациенттерге шұғыл бүйрек сыртындағы қанды тазалауды жүргізу үшін көрсетілімдерге сәйкес келуі	орташа
3	Жарақтандырудың бекітілген стандартына диализ залдарын жарақтандырудың сәйкес келуі	орташа
4	Пациенттерді диализ түрлері, емдеумен байланысты асқынулар мен тәуекелдердің түрлері туралы хабардар ету жөніндегі талаптардың сақталуы	орташа
5	Гемодиализ емшарасын жүргізу алгоритмінің бекітілген стандарттармен сақталуы	орташа
6	Бағалау кезеңіне гемодиализ сеансының орташа ұзақтығының бекітілген стандартқа сәйкес келуі	орташа
7	Гемодиализ емшараларының адекватты критерийлерге жүргізілетін емнің адекватты сәйкес келуі	орташа
8	Бекітілген стандарттарға сәйкес қан тамырлары қолжетімділігін қалыптастыру және жұмыс істеуін қамтамасыз ету	орташа
1.14. Қан қызметі саласындағы қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін критерийлер		
1	Бар-кодтау негізінде медициналық ұйымға қанды алу сәтінен бастап қан компонентін беруге дейінгі қан дозасының қадағалауды қамтамасыз ететін ақпараттық автоматтандырылған бағдарламаның қамтамасыз етілуі	орташа
2	Донор қанындағы трансмиссиялық инфекция маркерлерінің диагностикалық әдістерінің бекітілген талаптарға сәйкес келуі (екі сатылы диагностика - иммундық және молекулярлық-биологиялық зерттеулер)	орташа

3	Донор қанындағы трансмиссиялық инфекция маркерлерінің диагностикаға қолданылатын диагностикалық зертханалық жүйелердің түрлерінің бекітілген талаптарға сәйкес келуі (жабық автоматтандырылған зертханалық диагностикалық жүйелер)	орташа
4	Донор қанын иммуногематологиялық зерттеу әдістерінің бекітілген талаптарға сәйкес келуі (коллоидтық агглютинация)	орташа
5	Плазманы және қан жасушаларын дайындау процестерін автоматтандыруды қамтамасыз ету	орташа
6	Қан өнімдерін өндіру кезінде пайдаланылатын (қан жинауға арналған контейнерлер, реагенттер, тест-жүйелер, дезинфекциялайтын құралдар, аспаптар) сатып алынатын материалдарға арналған кіріс бақылауының болуы	орташа
7	Өндіруде қолданылатын және тұрақты жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өтпеген қан өнімдерінің сапасын бақылау кезінде қолданылатын медициналық жабдықтың болуы	орташа

#### 1.15. Кардиологиялық, кардиохирургиялық көмек көрсететін ұйымдар (орталықтар) үшін критерийлер

1	Орталық құрылымының бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
2	Зертханалық-аспаптық зерттеулерді тәулік бойғы режимде жүргізудің бекітілген тізбеге сәйкес қамтамасыз ету	орташа
3	Аспаптық зерттеулердің жоспарлы тәртіпте жүргізудің бекітілген тізбеге сәйкес қамтамасыз ету	орташа
4	Ақылы медициналық қызметтерді көрсету тәртібі мен шарттарының сақталуы	орташа

#### 2.0 Ақпараттық жүйелердің мониторингі нәтижелері бойынша критерийлер

1	Алдыңғы бағалау кезеңімен салыстырғанда алдын алуға болатын өлім жағдайларының санының өсуі	өрескел
2	Денсаулық сақтау саласындағы стандарттардан емдеу, диагностикалық іс-шаралардың негізсіз ауытқу көрсеткіштерінің ұлғаюы (емделіп шыққан жағдайлар санына кемінде 10%)	орташа
3	Операциядан кейінгі асқынулардың болуы	орташа
4	Стационарға негізсіз емдеуге жатқызу жағдайларының болуы	орташа
5	Тұрып қалған және бұзылған жабдықтардың болуы	орташа
6	Жоспарлы емдеуге жатқызу кезінде 2 және одан артық тәуліктен кейін операциялық ем жүргізу жағдайларының болуы	орташа
7	Трансплантациядан кейінгі асқынулардың болуы	орташа
8	Тері арасынан короналық араласу жүргізуге дейін тұрақсыз стенокардиясы бар пациенттерді инвазивті емес тестпен қамту, 100 % аспайтын	орташа
9	Трансмуралды инфаркт кезінде реперфузиялық терапиямен қамту, 75% аспайтын	орташа
10	Субэндокардиалды инфаркт кезінде тері арқылы коронарлық араласумен қамту, 40% аспайтын	орташа
11	Учаскеде халықтың орташа санына нормативтерден ауытқулардың болуы	орташа
12	Көзге көрінетін жерде қатерлі ісікті уақтылы анықтамау жағдайларының болуы	орташа
13	Өкпе туберкулезін уақтылы диагностикаламау жағдайларының болуы	орташа
14	Диспансерлік есепте тұрған адамдардың санынан қан айналымы жүйесінің аурулары (ЖМИ, ЖМКБ) асқынулары бойынша емдеуге жатқызылғандар көрсеткіштерінің ұлғаюы, 5% аспайтын	орташа



15	Алдыңғы жылмен салыстырғанда 5 % МСАК деңгейінде алдын алуға болатын балалар өлімі көрсеткіштерінің ұлғаюы (7 күннен бастап 5 жасқа дейін)	орташа
16	Қан және оның компоненттерін (донорларды) донациялау кезінде ВВГ және СВГ маркерлерінің оң нәтижелері бар адамдар мен есепке алынған (реципиенттерді) қан және оның компоненттерінің трансфузиясын алған адамдарды диспансерлеу көрсеткіштерінің төмендеуі, 80 % аспайтын	орташа
17	Бактерия бөлетін адамдарды уақтылы емдеуге жатқызбау жағдайларының болуы	орташа
18	Негізделген шағымдардың болуы	орташа
19	Балалардың алғашқы рет анықталғандардың арасында өкпе туберкулезінің деструктивті түрлерінің болуы	орташа
20	Жүргізілген ЖММК технологияларына МФҚБК оң қорытындысының болуы	өрескел
21	Жарамдылық мерзімі өту қаупі бар туберкулезге қарсы препараттардың болуы	орташа
22	Туберкулезге қарсы ұйымдардың қызметкерлерінің туберкулезбен ауру жағдайларының болуы	орташа
23	Стационардағы өлім көрсеткішінің алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 5 пайызға және одан да көп болуы	орташа
24	Қатерлі ісік диагнозын қойған күннен бастап мамандандырылған емді бастау мерзімдерінің сақталмау жағдайларының болуы	орташа
25	Санитариялық көліктік медициналық техника мен жабдықтардың жарактандырылуының бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
26	Жалпы қаржыландыру сомасынан 2 пайыздан асатын сомасын ақаулар үшін алынған қаржы қаражаты үлесінің асуы	орташа
27	Алдыңғы кезеңмен бағалаумен салыстырғанда жаңа туған нәрестелердің туу кезіндегі жарақаттарының көрсеткіштерінің асуы	орташа
28	Бекітілген мәніне сәйкес туудың жалпы санына операциялық босандырудың үлес салмағының көрсеткіштерінің асуы	орташа
29	Трансфузия, донорлық қызмет және оның компоненттерінің қолайсыз салдарлары жағдайларының болуы	орташа
30	ТМККК шеңберінде пациенттерден ақша қаражатын, дәрілік препараттардың тарту жағдайларының болуы	орташа
31	ЖММК, бірегей технологияларды қолданумен байланысты асқынулардың болуы	орташа

### 3.0 Есептік нысандар мониторингінің нәтижелері бойынша критерийлер

1	1 зертханашы дәрігердің, зертханашының жүктемесінің бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
2	Зертхана қызметкерлерінің гепатитпен, мерезбен ауру жағдайларының болуы	орташа
3	Гемоглобин, КТ/V жалпы кальций, фосфор, парат-гормонның орташа көрсеткіштерінің бағалау кезеңінде бекітілген стандарттарға сәйкес келуі	орташа
4	Бағалау кезеңіне гемодиализ сеанстарының орташа ұзақтығы	орташа
5	Сауығуына немесе ремиссиясына байланысты наркологиялық есептен алынған пациенттер санының көрсеткіштерінің бекітілген стандарттарға сәйкес келуі (8 % аспайтын)	орташа
6	Есепті кезеңнің соңында ремиссия жағдайында 1 жыл және одан көп уақыттағы науқастар санының көрсеткішінің бекітілген стандарттарға сәйкес келуі (18% аспайтын – алкогольді тұтыну, 22 % есірткіні тұтыну)	орташа

7	Науқастардың медициналық-әлеуметтік оңалту бағдарламасында орташа болу мерзімінің бекітілген стандарттарға сәйкес келуі (30 аспайтын төсек күні)	орташа
8	ПБЗ тәуелді, наркологиялық есепте тұрған ПБЗ тәуелді адамдардың жалпы санына ПБЗ тәуелді адамдардың соңғы жыл ішінде стационарлық және оңалту курсынан өткен пациенттердің үлес салмағы көрсеткіштерінің бекітілген мәніне сәйкес келуі (есепте тұрғандар санынан 10% төмен)	орташа
9	Бағалаудың алдыңғы кезеңінің көрсеткіштерімен салыстырғанда есепті кезеңнің соңына 1 жыл және одан да астам уақыт ремиссия жағдайындағы науқастар санының көрсеткіштерінің төмендеуі	орташа
10	ЖИТС РО және ДСБ арасындағы меморандумның көрсеткіштеріне жататындардың санынан антиретровирусты терапиямен қамтылғандардың үлес салмағының сәйкес келуі	орташа
11	Алдыңғы есепті кезеңнің көрсеткіштерімен салыстырғанда АИТВ өмір сүретін (ВӨА) адамдардың, ЖИТС-тен болатын өлім көрсеткіштерінің өсуі	орташа
12	Инъекциялық есірткіні тұтынушы адамдардың (50% аспайтын) және профилактикалық бағдарламаға жүгінген адамдардың ішінен АИТВ-ға экспресс-диагностикадан өткен секс қызметкерлерінің ( 60% аспайтын) пайызының төмендеуі	орташа
13	АИТВ жұқтырған жүкті әйелдердің АББП қамту көрсеткішінің ЖИТС РО және ДСБ арасындағы меморандумның көрсеткіштерінен аспайтын төмендеуі	орташа
14	АИТВ жұқтырған жүкті әйелдерден туған балалардың АББП қамту көрсеткішінің ЖИТС РО және ДСБ арасындағы меморандумның көрсеткіштерінен аспайтын төмендеуі	орташа
15	Тиісті санатта (жедел медициналық көмек көрсететін ұйымдар үшін) жету уақытынан ауытқулардың болуы	орташа
16	Тәулік ішінде сол бір жағдай бойынша қайта шығулар жағдайларының болуы	орташа
17	Зерттеп-қаралған донацияның жалпы көлемінен трансфузиялық инфекциялардың маркерлерінің екі сатылы скрининг әдісімен зерттеп-қаралған донациялар үлесінің төмендеуі, 100% аспайтын	орташа
18	Донор қанының зерттеп-қаралған үлгілерінің жалпы көлемінен 100% аспайтын жабық автоматтандырылған диагностикалық жүйесін қолдана отырып иммуноферментті талдау (ИФТ) немесе иммунохемилюминесцентті талдау (ИХЛТ), әдістерімен АИТВ-1,2, СВГ, ВВГ, мерез маркерлерінің болуына иммунологиялық зерттеуге ұшыраған донор қанының үлгілері үлесінің төмендеуі	орташа
19	Донор қанының зерттеп-қаралған үлгілерінің жалпы көлемінен 100% аспайтын жабық автоматтандырылған диагностикалық жүйесін қолдана отырып РНК АИТВ-1,2, СВГ және ДНК ВВГ болуына молекулярлық-биологиялық зерттеуге – полимеразды тізбекті реакцияға ұшыраған донор қанының үлгілері үлесінің төмендеуі	орташа
20	Есепті кезеңге донацияның орта көлемінен орташа республикалық көрсеткіштен төмен қан мен оның компоненттерінің тегін ерікті донациялар үлесінің төмендеуі	орташа
21	Есепті кезеңге орташа республикалық көрсеткіштен төмен плазмаферез әдісімен қан дайындаудың жалпы көлемінде плазма дайындау процесінің автоматтандыру үлесінің төмендеуі	орташа
22	Есепті кезеңге орташа республикалық көрсеткіштен төмен цитаферез әдісімен қан дайындаудың жалпы көлемінде тромбоциттер дайындау процесінің автоматтандыру көрсеткішінің төмендеуі	орташа
23	Тұрақты жоспарлы техникалық қызмет көрсетуден өтпеген қан өнімдерін өндіру және оның сапасын бақылау кезінде қолданылатын медициналық жабдықтардың болуы	орташа
24	Перитонеалдық гемодиализдегі науқастардың тұрақты тамырлы қолжетімділігімен қамтамасыз етілуі (бірінші 3 айда алғашқы анықталғандарды бағалау есептелмейді).	орташа

25	Дәйексіз есептік ақпарат жағдайларының болуы	орташа
26	5% астам бактерия бөлетін жаңа жағдайлардың арасында емдеу режимінің бұзылу көрсеткіштерінің ұлғаюы	орташа
27	Барлық мультирезистенттілігі бар науқастар арасында резервтік қатардағы препараттармен емдеуді қамту көрсеткішінің төмендеуі, 85% аспайтын	орташа
	Дәйексіз есептік ақпарат жағдайларының болуы	болмашы
4.0 Интернет-ресурстарды мониторингілеу нәтижелері бойынша критерийлер		
